

«JM CITY» ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

2025 жылғы 20 қарашадағы жағдай бойынша (Астана қ.)

Тұран және Қабанбай батыр даңғылының қиылысында орналасқан, Бірыңғай оператордың құрылысты аяқтауға кепілдігі берілген «JM City» тұрғын үй кешені бойынша үлескерлердің алаңдаушылығына қатысты «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – ҚТК) төмендегіні мәлімдейді:

Біз үлескерлердің алаңдаушылығын толық түсінеміз және құрылысқа қатысты туындаған қолайсыздықтар үшін шын жүректен кешірім сұраймыз.

Атқарылған шаралар:

- 2024 жылы объектіге берілетін мерзімдер уәкілетті компанияның өтініштері бойынша үш рет ұзартылды. 2024 жылдың 21 қазанында кепілдік жағдайы жарияланды.
- 2025 жылғы I тоқсанда қаржылық аудит жүргізілді. Сонымен қатар, мердігер компанияны ауыстыру мүмкіндігі бағаланды. Үлескерлердің өтініштері мен уәкілетті органдардың ұстанымын ескере отырып, мердігер компанияны – ТОО «Каспий Құрылыс ЛТД» – сақтау шешімі қабылданды.
- Кепілдік жағдайы жарияланған сәттен бастап ҚТК мердігерге 5 транш көлемінде жалпы 1,8 млрд теңге аударды. Аталған қаржы ішкі және сыртқы қабырғаларды, инженерлік жүйелерді жүргізу, фасад жұмыстарын, терезе блоктарын монтаждау және шатыр жұмыстарын жасау үшін бағытталды; фасад материалдарын сатып алуға 400 млн теңге жұмсалды. Бірінші іске қосу кешені бойынша (Блок Б, Б1, Б2, Б3) Объектінің жалпы аяқталу дәрежесі-72%. Қазіргі таңда бекітілген жұмыс кестелерінен артта қалу байқалады. ҚТК мердігерге шартты бұзу туралы хабарлама жолдады.
- 2025 жылдың 17 қарашасында КТК үлескерлермен кездесу өткізді, оған Астана қ. прокуратурасы, МСКБ басқармасы, Астана қ. әкімдігінің энергетика басқармасы өкілдері қатысты. Үлескерлерге құрылыс-монтаж жұмыстарын жеделдету бойынша ҚТК-ның келесі жоспарлары хабарланды. Қосымша траншты кепілдік шартымен мердігерге аудару туралы шешім қабылданды. Бұл қадам қажетті материалдар мен жабдықтарды сатып алу үшін жасалды.

Алдағы шаралар:

Жақын арада жылумен қамтамасыз ету көздеріне қосу, сондай-ақ фасадтар бойынша, ішкі инженерлік желілер бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары, жалпы пайдалану орындарын безендіру, лифт жабдығын монтаждау жоспарлануда. ҚТК құрылыс-монтаж жұмыстарын және бекітілген кесте бойынша тұрақты бақылауда ұстайды. Жұмыстың орындалу барысы, қаржыландыру және ағымдағы жағдай туралы ақпарат үлескерлерге тұрақты кездесулер барысында үнемі жеткізіліп отырылатын болады.

ҚТК «JM City» тұрғын үй кешенін мүмкіндігінше тезірек аяқтау үшін барлық қажетті күш-жігерді жұмсайды.

Анықтама:

Жобаның атауы: «Астана қ., Тұран және Қабанбай Батыра даңғылдарының қиылысында көппәтерлі тұрғын үй кешенін, кіріктірілген бөлмелер мен паркингпен салу».

Қазіргі ахуалы: кепілдік жағдайы, объект пайдалануға берілмеген.

Құрылысшы: ТОО «Каспий Құрылыс ЛТД».

Уәкілетті компания: ТОО «Garant Investment».

Инжинирингтік компания: ТОО «Лидер».